

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№101 (9163) | 1953 жылғы 22 май Жұма

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Шөп шабуға үлгілі әзірленейік

Жемшөптің тұрақты мол қорын жасау қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың ең басты шарты. Көзір, қоғамдық мал басын оған сайын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру басты міндеттердің бірі болып қойылып отырған кезде жемшөптің берік қорын жасаудың маңызы ерекше зор. Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасауға айырықша көңіл бөлінген «Жемшөп өндіру: пішен 80—90 процент, тамыр-түйнекті және тамыр-жемісті дақылдар 3—4 есе және сүрленетін дақылдар 2 есе ұлғайтылуы» делінген директиваларда.

Біздің облысымызда жемшөп дайындау қарқыны мал басының өсуінен едәуір кенже қалып жүр. Сондықтан жемшөптің тұрақты мол қорын жасауға барлық жағынан тыңғылықты әзірлену қажет. Жемшөптің жылма-жыл жеткіліксіз дайындалуы колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруға кері әсер етіп келеді. Мал басының өсуі баяу, одан өнім аз алынып жүр.

Қоғамдық мал шаруашылығына жемшөп молшылығын жасау шөп шабуға жақын әзірленіп, оны ұйымшылдықпен, табысты өткізуге тікелей байланысты. Олай болса, партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының басты міндеті — шөп шабуға әзірлікті барлық жағынан тыңғылықты жүргізу, мұндай аса маңызды науқанға ішкі күш-мүмкіншіліктерді түгел жұмылдыра білу болып табылады.

Партияның XIX съезінің қарарларымен жігерленген облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары шөп шабуға тыңғылықты әзірлік жүргізіп жатыр. Мысалға Ленин ауданындағы Сталин атындағы, Совет ауданындағы Ленин атындағы колхоздарды және Мамлют совхозын алайық. Бұларда жемшөп дайындауға әзірлік ойдағыдай ұйымдастырылған. Әсіресе, шөп шабатын, жыйнайтын машиналар және пішен жыйнайтын үйетін басқа да құрал-саймандар тез және сапалы жөн-

міндей, Приешім, Петропавл МТС-терінде де нашар жүргізілуде. Бұл МТС-тер үстіміздегі жылы қамтуындағы колхоздарға жүздеген гектар жердің пішенін шауып және жыйнап беруге тиісті. Алайда, ол МТС-тердің мұндай күрделі жұмыстарды орындауға әзірлігі мүлде қанағаттанғысыз. Мұнда шөп машиналары түгелдей жөндеу күтін тұр. Ал, МТС басшылары шөп машиналарын тез, сапалы жөндеу жөнінде нақтылы шаралар қолданбайды, сол себепті бұл жұмысқа қолда бар күш-мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай келеді.

Колхоздарды алсақ, істің жайы бұдан да төмен. Оларда әсіресе, ат шөп машиналары мен ат тырнауыштарын, шөп иіргінштерді, шөп шөмелегіштерді жөндеу қарқыны мүлде баяу. Бұл жөнінде Октябрь, Совет, Кониюхов аудандарының колхоздары төзгісіз артта қалып қойды. Оларда соңғы күндерге дейін ат шөп машиналары мен тырнауыштарын жөндеу ұйымдастырылмады. Бұл аудандардың партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары шөп шабуға әзірлікті ойдағыдай жүргізіп, үстіміздегі жылы әрбір колхоз бен совхозда қоғамдық мал үшін жемшөптің тұрақты мол қорын жасауға, сөйтіп, мал басын онан әрі көбейте беруге жеткілікті қамқорлық жасамай келеді.

Мал азығын дайындауға әзірлік Приешім, Соколов, Преснов аудандарында да баяу жүргізілуде. Бұл аудандардың кейбір колхоздары шөп шабуға әзірлікті қолға да алмаған. Преснов ауданындағы Берия атындағы колхозда өткен жылы жемшөп жеткіліксіз дайындалды, мал қыстап жүздеп шықты, шығын да болды. Бірақ, колхоз басшылары (председателі Смирнов жолдас) ол кемшіліктерден тиісті қорытынды шығармады. Мұнда шөп шабуға әзірлік бетімен жіберілген, шөп машиналарын жөндеу әлі күнге дейін шығаш қолға алынбаған. Шөп шабуға әзірліктің жайы Степной, Шағлы, Қызылөскер совхоздарында да осы сыяқты сылдыр жүргізілуде.

Күн жылы, жаңбыр жиі-жиі бо-

ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫ ТЕЗ ЖӘНЕ САПАЛЫ АЯҚТАЛСЫН

Облыс колхоздарында егіс жоспарының орындалу барысы
(1953 жылғы 20 майдағы мәлімет бойынша)

Аудандар	Орындалу проценті			Аудандар	Орындалу проценті		
	Барлық себілгені	Картоп	Овощь		Барлық себілгені	Картоп	Овощь
Булаев	90,8	36,0	67,5	Ленин	76,5	51,5	340,0
Кониюхов	89,7	76,8	43,3	Преснов	74,5	34,3	40,0
Совет	86,1	17,0	43,3	Мамлют	73,8	22,0	12,5
Полудень	84,1	76,0	60,0	Октябрь	67,3	23,0	60,0
Петропавл	81,2	35,4	43,6	Колхоздар бойынша 78,5 42,0 59,0 барлығы			
Соколов	79,4	47,1	72,9				
Приешім	77,9	41,3	85,7				

Облыс совхоздарында егіс жоспарының орындалу барысы
(1953 жылғы 20 майдағы мәлімет бойынша)

Совхоздар	Орындалу проценті	Совхоздар	Орындалу проценті
Возвышен	105,6	Явленка	100,0
Торангүл	104,4	Шағлы	99,7
Чистов	104,3	Тоқын	99,1
Совет	103,0	Мамлют	98,8
Қыялы	101,3	Преснов	97,2
Ұзынкөл	100,8	Приешім	90,3
Киров атындағы	100,6	Октябрь	87,6
Буденный атындағы	100,1	Степной	74,3
Қарағанды	100,0		
Қызылөскер	100,0	Совхоздар бойынша барлығы	99,6

КАРТОП, ОВОЩЬ МОЛШЫЛЫҒЫ ҮШІН

Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының мүшелері үстіміздегі жылы егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу жолында қажырлы күрес жүргізуде. Олар дөңді дақылдармен бірге, бйызыл овощь дақылдары мен картоп егісін кең көлемде егуде.

Мұнда 12 гектар жерге картоп отырғызылуға тиіс еді. Колхозшылар бұл жұ-

Шөп шабуға үлгілі әзірленіп, оған ұйымшылдықпен кірісу, қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау — облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бүгін таңдағы аса маңызды міндеті болып саналады.

Пресновтағылар шөп шабуға сылдыр әзірленуде

Өткен қыста Преснов ауданының бір-аз колхоздарында жемшөптің тапшы болуынан қоғамдық мал қыстап жүдеп шықты, оның шығынына да жол берілді. Кейбір колхоздарда дайындалған жемшөп қоры қыс ортасына да жетпей қалып, мал азықтан тарыққан болатын. Ауданның «Путь к коммунизму», Берия атындағы колхоздарында да дәл осындай жағдай болған еді. Бұл колхоздардың дайындаған жемшөбі қыс ортасында таусылып қалғандықтан малға азық басқа колхоздардан сатып алынды.

Өткен мал қыстатудағы осындай қы-йыншылықтардан аталған колхоздардың басшылары (председательдері Вчерашный, Смирнов жолдас) қорытынды жасап отыр ма? Жок. Жемшөптің берік қорын жасау шөп шабуға тыңғылықты әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуге байланысты екені мәлім. Алайда, жоғарыда аталған колхоздардың басшылары жемшөп дайындауға әзірлік жұмыстарын үлгілі жүргізуді ұйымдастырудан тыс қалған. Оларда шөп шабуға әзірлік жұмыстары әлі күнге қолға алынбаған. Шөп шабатын, шөпті жыйнайтын машиналарды және басқа да құрал-жабдықтарды жөндеу шыдап бас-талған да жоқ.

Шөп шабуға әзірлік «Красное знамя» (председателі Сулов жолдас), Жданов атындағы (председателі Елембаев жолдас) колхоздарында да қолға алынбай отыр. Өткен қыста Абай атындағы, «Трудовой гурток» колхоздарында мал күтімі нашар ұйымдастырылды. Оларда жемшөптің жеткілікті мөлшерде дайындалмауы салдарынан мал күйі төмендеген еді. Колхоз басшылары мұндай кемшіліктерді алдағы мал қыстату маусымы кезінде болдырмау үшін шөп шабу науқанына тыңғылықты әзірлік жүргізіп, жемшөптің мол қорын жасаудың тиісті шараларын жүзеге асырай болмай отыр. Бұларда шөп шабуға әзірлік жұмыстары осы күнге дейін бас-талған жоқ. Керек десе, ат шөп машина-лары мен ат тырнауыштары ұста дүкені жаңына жөндеуге әзірленбей де.

бұға әзірлікті дұрыс ұйымдастыруға колхоз басшылары да, ауданның партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары да жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Аудан бойынша осы күнге дейін 390 ат шөп машинасынан, 295 ат тырнаушынан 50 шөп машинасының және 70 ат тырнаушының ғана жөндегенін айтудың өзі бұған толық дәлел.

Аудан МТС-терінде 100-ден астам тракторға тіркелетін кең алымды машина, 40-қа жуық өздігінен жүретін шөп машинасы бар. Олардың көпшілігі күрделі жөндеуден өтуге тиіс. Солай бола тұрса да, МТС-терде кең алымды шөп машиналарын жөндеу әлі күнге дейін ұйымдастырылмаған.

Кең алымды шөп машиналарын жөндеу жөнінде Баян және Николаевка МТС-терінде ешқандай қамқорлық жоқ. Мұнда шөп машиналарын жөндеуге қажетті бөлшектер дайындалып алынбаған. МТС директорлары Ковинов және Гуцин жолдас шөп машиналарын жөндеуге аса қажетті бөлшектерді дайындауға жеткілікті көңіл бөлмей жүр. МТС директорларының іске жауапсыз қарауы салдарынан шөп машиналарын жөндеу сыяқты маңызды жұмыс кешіргісіз артта қалуда. Мәселен, Баян МТС-інде 32 кең алымды шөп машинасының осы күнге дейін бірде-бірі жөндеуден өтпеген. Николаевка МТС-інде де жағдай дәл осы сыяқты.

Ауданда шөп шабуға әзірліктің мұншалықты нашар болуының себебі сол — аудандық ауылшаруашылық бөлімінің жұмыстың бұл участогіне басшылығы мүлде қанағаттанғысыз. Бөлім шөп шабу науқанына әзірлікті тыңғылықты жүргізуді колхоз, МТС басшыларынан талап етпей отыр. Сол сыяқты, аудандық Совет атқо-мі мен аудандық партия комитеті де шөп шабуға жеткіліксіз басшылық жасап келеді.

Қоғамдық мал шаруашылығын бесінші бесжылдықта алға қойылған міндеттер дәрежесінде өркендету ең алдымен жемшөптің тұрақты мол қорын жасауға байланысты. Мал азығының берік қорын жа-

делуде. Мамлют совхозында ишпен шабатын, жыйнайтын машиналар түгелдей жөндеуден өткен.

Алайда, облыстың бірқатар МТС-терінде, колхоздары мен совхоздарында шөп шабуға әзірліктің жайы өте-мөте нашар. Быыл МТС-тердің колхоздарда мал азығын дайындауда атқаратын жұмысының көлемі жылдағыдан әде қайда артық. Бұл олардан шөп шабатын, жыйнайтын машиналарды және жемшөпті үйін жыйнайтын басқа да құрал-жабдықтарды мұқият жөндеу, оларды тиімді пайдалануға жетісуді талап етеді. Солай бола тұрса да, бірқатар МТС-терде шөп машиналарын жөндеу ісі мүлде кенже қалған. Мәселен, Ворошилов атындағы, Куйбышев атындағы МТС-тердің басшылары жемшөп дайындау жөнінде колхоздармен жасасқан шартты мінсіз орындауға жеткілікті қамқорлық жасамайды. Бұл МТС-тердің директорлары Шишкин, Потякин жолдастар жемшөп дайындаудағы өздерінің жауапкершіліктерін ұмытып, шөп шабуға әзірлікке жете көңіл бөлмей отыр. Соның салдарынан Куйбышев атындағы МТС-те 58 кең алымды шөп машинасының, Ворошилов атындағы МТС-те 49 кең алымды шөп машинасының осы күнге дейін көпшілігі жөндеуі жоқ. Бұларда шөп сүрлейтін, жыйнайтын машиналар мен құрал-жабдықтарды жөндеу де қолға алынбаған.

Шөп шабуға әзірлік Совет, Байн, Се-

рен, Шаховыцкыларда шөптің тез және өткізгісіне қолайлы жағдай туғызуға. Мұның колхоздар мен совхоздарға шөп шабуға жылдағыдан өрте кірісуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Олай болса, әрбір МТС-те, колхоз бен совхозда шөп шабуға әзірлікті тыңғылықты ұйымдастырып, оны тез араының ішінде табысты аяқтау қажет.

МТС, колхоз және совхоз басшылары шөп шабатын, жыйнайтын машиналарды және шөп үйін, жыйнайтын басқа да құрал-саймандарды жөндеуге күш-мүмкіншілікті толық пайдаланып, оларды шөп шабу науқанының алғашқы күндерінен бастап жұмысқа қосуды, сөйтіп, жемшөптің мол қорын жасауды қамтамасыз етуге міндетті.

Ишпен машиналарын тиімді пайдаланып, жемшөпті мол дайындау кадрларға байланысты. Демек, партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары шөп жыйнайтын, шабатын машиналарды жүргізетін маман кадрлардың жеткілікті даярлануына баса көңіл бөлуге тиіс. Сөйтіп, әрбір ишпен машинасын маман адамдардың жүргізуіне, машина қуатының толық пайдаланылуына жетісу қажет.

Шөп шабуға үлгілі әзірленіп, оған ұйымшылдықпен кірісу, қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау — облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің бүгін таңдағы аса маңызды міндеті болып саналады.

ӨСКЕМЕН СЭС-НІҢ ҚҰРЫЛЫСЫНДА

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-і құрылысшыларының коллективі Ертіс-тегі су торабын мерзімінен бұрын пайдалануға беру үшін жарысуда. Жарысқа түскендердің арасында инженер Чиквандзе жолдас басқаратын гидро-монтажшылар алда келеді. Олар құрылыстың ауыспалы Қызыл туын үш айдан

бері қолдарынан шығарған жоқ. Иван Терещенконың, Николай Ветчинкиннің, Арғынғазы Адышевтің бригадалары қажырлы еңбек етуде. Бұлар монтаждау жұмысын өте сапалы атқарып, сменалық тапсырмаларын үнемі 5—6 сағаттың ішінде орындауда.

мысқа жеткізіліп және зор ұйымшылдықпен кірісті. Соның нәтижесінде кәзір 6 гектар егістік алаңға картоп себілді. Мұнда картоп егу шаршы- ұялау әдісімен отырғызылуға. Бұл колхозда быыл бір гектар жерге өвонь дақылдары себілуге тиіс болса, кәзір бұл жұмыстың үштен

АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ

«Путь Ильича» колхозының (Соколов ауданы) колхозшылары механизаторлармен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеп, мол өнім жолында қызу күрес жүргізуде. Колхоздың егіс даласында үш трактор бригадасы жұмыс істейді. Егіс жұмыстарында агротехникалық ережелер мұқият қолданылады. Дәнді дақылдар себу агротехникалық қолайлы мерзімде аяқталды. Быыл 400 гектар дәнді дақылдар тоғыспалы әдіспен себілді.

Барлық егіс алаңы жақсы жұмысталды. Жер қосымша түрлері бар плугтермен 20—22 сантиметр тереңдікте жыртылды. Жер тырмалау, тұқым себу жұмыстары да сапалы жүргізілді. Мұның бәрі механизаторлардың қажырлы еңбегінің нәтижесі.

дары да тез және сапалы егілуде.

Бұл күндері аталған колхоздардың егіншілері картоп, өвонь дақылдарын егуді тез араының ішінде агротехникалық жоғары дәрежеде аяқтау жолында жапаямай еңбек етіп жүр.

А. ҚАСЫМЖАНОВ.

Егісті агротехникалық жақсы мерзімге өткізуде колхозға Орловский жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторлары көп көмек көрсетті. Бұл бригаданың тракторшылары әрбір сменада жоғары көрсеткіштерге жетті. Тракторшылар Р. Новицкий, Л. Головцев жолдастар тапсырманы күн сайын 130—140 проценттен орындап отырды. Бұлардан Капустин, Шаренко жолдастар сыяқты тракторшылар да қалыққан жоқ. Олардың әрқайсысы сменалық тапсырманы үнемі толық және артығымен орындауға жетісті.

Колхозда малазығындық шөп егу де ойдағыдай аяқталды.

Б. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

Республикада кітап саудасы жаңа міндеттер дәрежесінде болсын

Алматыда кітап саудасын жақсарту мәселелері жөнінде республикалық кеңес болып өтті. Кеңеске «Казкижторгтың», тұтыну кооперациясының және «Союзпечатьтың» қызметкерлері, облыстық партия комитеттерінің секретарьлары, облыстық Советі атқару комитеттері председателдерінің орынбасарлары, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының өкілдері қатысты. Кеңес мынадай баяндамаларды талқылады: «Партияның XIX съезінің қарарлары және кітап саудасы қызметкерлерінің міндеттері туралы», «Селолық жерлерде кітап саудасының жайы және оны жақсарту шаралары туралы», «Гурьев облысының балық аулайтын колхоздарында кітап саудасының жайы туралы».

Партия мен үкметтің күнбе-күнгі қамқорлығының арқасында біздің елімізде кітап еңбекшілердің қалың бұқарасының игілігіне айналды, совет адамдары кітапты сүйіп оқыды, олар кітаптан өмірді және еңбек етуді үйренеді. Еліміздің кітап айланығы өлшеусіз өсті. Совет Одағында 1950 жылы кітаптардың жылдық тиражы 800 миллион данаға жетті және соғыстан бұрынғы 1940 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті. Бізде кітап АҚШ-ты, Англияны, Францияны және Италияны тұтастай алғанда анағұрлым артық шығарылады. Партияның XIX съезінің қарарлары саяси, көркем әдебиет және ғылыми әдебиеттерді, оқулықтарды, журналдарды және газеттерді шығарудың жаңадан дамытылуын белгіледі.

Қазақстанда әдебиеттерді басып шығару бұрын-соңды болмаған мөлшерге жетті. Өткен жылы республиканың баспалары 12 миллион данадан аса кітаптар, кітапшалар, оқулықтар басып шығарды. Тек «Казгосиздат» быылдың өзінде оқушыларға 6 миллион данадан астам түрлі әдебиеттер бермек.

Республикада соңғы жылдары әдебиеттерді таратуды ұйымдастыру анағұрлым жақсарды, кітап саудасының көлемі өсті. 1952 жылы Қазақстанда 98 миллион сомның кітабы таратылды. Бұл 1940 жылдан төрт есе артық. Соғыстан бұрынғы уақытқа қарағанда, кәзір кітап магазиндерінің, киоскаларының, дүкендерінің саны үш еседен астам көбейді. Кітап саудасының мәдениеті артты. Кітап таратудың кітап базарларын өткізу, кітаптарды етолдардан, палаткалардан сату, колхоз базарларына апарып сату, кітаптарды апарып беру, кітаптарды насихаттау және жариялау сыяқты түрлері мен әдістері кеңінен ойдағыдай қолданылатын болды.

Алайда, партияның XIX съезі алға қойған міндеттерді ойдағыдай шешуде еңбекшілерге саяси тәрбие берудің және оларды ұйымдастырудың құралы ретінде кітаптың зор маңызы бар екендігіне қарамастан Қазақстанда кітап саудасының жайы әлі де қанағаттанғысыз болып отыр. Кеңесте жасалған баяндамалар мен жарысөзге шығып сөйлеушілердің сөздері көптеген кітап сағатын ұйымдар өздеріне белгілеп берілген товар айналымының мемде-

Жалғыз бұлар ғана емес, шөп шабуға әзірлік ауданның басқа да бірнеше колхоздарында басталаған жоқ. Колхоз басшылары арқаны кеңге салып, мұндай маңызды науқанға әзірлік жұмыстарын кейінге қалдырумен келеді. Шөп шабуға әзірлікті кәзірден бастап қызу жүргізуге күш-мүмкіншілік ауданның қай колхозында болсын жеткілікті. Бірақ, не пайда, ол күш-мүмкіншіліктерді толық іске қосып, шөп ша-

бу үшін шөп шабуға әзірлікке әзірленіп, оған ұйымшылдықпен кірісу қажет. Преснов ауданының басшылары мұны мұқият ескеріп, шөп шабу науқанына әзірліктегі кемшіліктерді дереу жойып, үстіміздегі жылы әрбір колхозда мал азығының мол қорын жасаудың тиісті шараларын жүзеге асыруға міндетті.

М. ӘКІМЖАНОВ.

Үлгілі әзірлік

Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінің (Совет ауданы) № 3 өндіріс бригадасы егіс жоспарын ойдағыдай орындап шықты. Кәзір бригада мүшелері малазығының берік қорын жасау мақсатымен шөп шабу науқанына тыңғылықты әзірлік жүргізуде.

Колхоз басқармасы бригада мүшелерінің, әсіресе ұсталардың өнімді еңбек етуі үшін қажетті жағдайлардың бәрін жасаған. Ұста дүкендері саймандарды жөндеуге керекті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Осының арқасында бригадада қысқа мерзім ішінде 7 шөп шабатын

ат машинасы, 5 ат тырнаушы және басқа да құрал-саймандар жөнделіп, шөп шабуға әзір етілді.

Шөп шабатын және жыйнайтын құрал-саймандарын жөндеуде ұста К. Райнгольд жолдас қажырлы еңбек етіп жүр. Ол өзіне тапсырылған істі күнбе-күн азбоймен жүзеге асырып келеді, күндік норманы үнемі артығымен орындайды.

Бригада шөп шабуға әзірлікті таяудағы күндер ішінде толық аяқтап шықпақ. Сөйтіп, қоғамдық малдың берік жемшөп қорын жасамақ.

Е. АУШАҚЫМОВ.

кеттік жоспарын орындауды қамтамасыз ете алмай отырғандығын көрсетті. «Казкижторгтың» Қызылорда, Көкшетау, Гурьев, Солтүстік Қазақстан облыстарындағы бөлімшелері, Шығыс Қазақстан және Көкшетау облыстарының облыстық тұтынушылар одақтары, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Талдықорған және басқа облыстардың бірсыпыра аудандық тұтынушылар одақтары кітап тарату жөніндегі жоспарды орындай алмай келеді.

Кеңес республикада кітап саудасын ұйымдастыруда орын алған кемшіліктердің себептерін ашты. Басты себеп мынада: Қазақ ССР-ның Мәдениет министрлігінің баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібінің бас басқармасы, Гурьев облыстық балық аулау тұтынушылар одағы «Казкижторгтың» бірсыпыра облыстық бөлімшелерінің басшылары және облыстық тұтынушылар одақтары осы күнге дейін кітап саудасының зор маңызын жете бағаламайды, кітап саудасы ұйымдарына басшылық етуде үстірттікке салынады.

Кітаптың бірсыпыра облыстар мен аудандарға олардың экономикалық жағдайларына және халқының ұлттық құрамының ескерілмей жіберілуі сыяқты кітап саудасының өрісін онан әрі кеңейтуде болып отырған төзгісіз жағдайды тек осы себеппен ғана түсінуге болады. Республиканың өнеркәсіп аудандарына шамадан тыс ауылшаруашылық әдебиеттердің жіберілуі және керісінше, егін шаруашылықты және мал шаруашылықты аудандарға техникалық әдебиеттерінің көп жіберілуі жиі кездеседі.

Осының салдарынан қоймаларда кітаптардың көптеп жыйналып, ұзақ уақыт жатып қалуына жол беріледі. Мұндай

жағдай республиканың көптеген тұтыну кооперацияларынан орын алып отыр.

Кеңеске қатысушылар кітап саудасы ұйымдарының басшыларын жаңадан кітап магазиндері мен киоскаларын салу жөніндегі жоспарды орындамағаны үшін әділ сынады. Осы күнге дейін республиканың 88 ауданының орталықтарында кітап магазиндері жоқ, кәзіргі бары бірсыпыра кітап магазиндері арнаулы үйлермен қамтамасыз етілмеген.

Кеңеске қатысушылар кадрларды іріктеп алу және орналастыру мәселелеріне баса көңіл бөлді.


Жарысөзге озат тәжірибені ауыстырудың қажеттігі көрсетілді. Кітапты насихаттауды шеберлікпен ұйымдастырудың нәтижесінде кітап таратуда жоғары көрсеткіштерге ие болған көптеген сатушылар, мәдениет магазиндерінің меңгерушілері сөз сөйледі.

Республикалық баспалар бұқараның көп қажет ететін әдебиеттерін мүлде аз шығарады. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы озаттарының, жаңашылдарының тәжірибелерін насихаттайтын әдебиеттер көп тиражбен шығарылмайды. Орыс және дүниежүзілік әдебиеті классиктерінің шығармалары қазақ тілінде жеткіліксіз шығарылып отыр, балалар әдебиеті өте аз.

Кеңеске қатысушылар республикада кітап саудасын ұйымдастыруда орын алған кемшіліктер бірсыпыра партия, совет ұйымдарының жұмыстың мұндай маңызды участогіне нашар басшылық жасауларынан болып отырғанын атап көрсетті.

Кеңесте РКП Орталық Комитетінің секретары Сужиков жолдас сөз сөйлеп, кітап саудасын онан әрі жақсарту, кітапты бұқараға көзінде тарату істеріне байланысты мәселелерге тоқталды.

(ҚазТАГ).



Москва. Дорогомилов жағалауындағы тұрғын үй.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Облыс мектептерінде емтихан басталды

Емтихан зор дайындықпен басталды

Мектебімізде емтиханға әзірлік жұмыстары 19 май күні толық аяқталды. 20 майда таңертеңгі сағат 8-де 4-және 5-класс оқушылары емтихан тапсыру үшін мектепке келді. Әсіресе, 4-класс оқушыларының жүзінде шаттық сезім, өз білімдеріне сенімділік білінеді. Олар бұл күні тұңғыш рет емтихан тапсырмақ.

Таңертеңгі 8 сағат 30 минутта әрбір кластың оқушылары мектеп алаңына сап түзеп тұрды. Оларды оқытушылар және бірінші класс оқушылары емтиханның басталуымен құттықтады.

Сағат 9. Оқушылар әрқайсысы өз кластарына барып, парталарға отырысты. Емтихан алу басталды. Бұл күні 5-класс оқушылары арифметикадан жазбаша, 4-класс оқушылары ана тілінен жазбаша жұмыстан емтихан тапсырды.

Бұл күні сынан өтуге тиіс 283 оқушыдан 282 оқушы емтиханды ойдағыдай тапсырды. Комиссия мүшелері 58 оқушының жазба жұмысына «5», 116 оқушыға «4» деген баға берді.

5-класс оқушылары Бахыт Баймурзина, Ермек Түрсынбаев, Мәдина Доскина, Фарит Галимов, Ғайша Бекмаматова, 4-класс оқушысы Наиль Әмірханов және басқалары алғашқы емтиханды «5»-ке тапсырды.

Емтиханның алғашқы күні оқушылардың жыл бойына алған білімі жақсы екендігін, жастарға терең білім беру жолында мектептің мұғалімдер коллективінің көп еңбек сіңіргендігін және өз оқушыларын емтиханға үлгілі әзірлегендігін көрсетті.

Ж. ЗАНИРОВ,

№ 3 татар жетімшылдық мектебінің директоры.

Қуанышты нәтижелер

№ 4 бастауыш мектептің 4-класстарында орыс тілінен жазбаша емтихан болды. Төртінші төрт класта да емтихан ойдағыдай өтті. Оқушылардың басым көпшілігі бес пен төртке жазды.

4-«а» класында 31 оқушы бар еді. Олар түгел емтиханға жіберілді. Сол емтиханға жіберілген 31 оқушыдан 13 оқушы беске, 18 оқушы—төртке жазды.

Беске жазған оқушылардың ішінде аяқкім фабрикасының стахановшысы Осиповның ұлы—С. Осипов, оқытушы Әмірхановтың ұлы—А. Әмірханов, оқушылардың ата-аналарымен бірге емтиханға қатысқан.

Ленин атындағы мектепте

Таңертеңгі сағат әлі 8-ге жете қойған жоқ. Бірақ, мектеп алды мереке күндеріндегідей әдемі киінген, жарқын жүзді, шат көңілді оқушыларға лық толған.

Бұлар қаладағы Ленин атындағы қыз балалар орта мектебінің оқушылары. Ал бұл мектеп қаладағы үлгілі мектептердің бірінен саналады. Мектеп коллективі сың және емтиханға ойдағыдай әзірленген.

Сағат 9-ға жуықтағанда оқытушылар емтихан өткізілетін кластарды тағы да бір рет аралап, тексеріп шықты. Кластардың бәрі де таза, емтиханға қажетті сыя сауыт, қалам, қағаз сияқты құралдар орынды орнына қойылған. Барлық класта безендірілген, өте көңілді.

Міне, қоңырау соғылды. Мектепті бітіріп шығатын 10-класс оқушылары емтихан өтетін класта орналасты. Олар бүгін орыс әдебиетінен жазбаша емтихан тапсырмақ.

Оқу отличниктері Аида Ибрагимова, А. М. Горькийдің «Ана» романындағы Павел Власовтың образын, Валентина

Слива «Адам өміріндегі жеке қоғамдық мүдде», ал, Светлана Уткина, Н. А. Некрасовтың «Россияда кім жақсы тұрады» деген романы бойынша шығарма жазды. Бұлар бұл шығарма жазудан «жақсы» және «өте жақсы» деген баға алды.

Сол сияқты кластан класта көшу емтиханы мектептің 9-класстарында да басталды. Тарих пәні бойынша өткізілген емтиханда осы класс оқушылары Людмила Каприанова «Импералистік державалардың Қытайды бөлісіп алуы және Қытайдағы халық көтерілісі», Татьяна Коваль «К. Маркстың және Ф. Энгельстің 1848 жылғы Германиядағы революцияға қатысуы» деген және басқа сұрақтарға берген жауаптарынан тұрақты білім алғандықтары байқалды.

Бұл күні сын және емтихан мектептің 13 класында өткізілді. Барлық класта да сын мен емтиханның алғашқы күні нәтижелі аяқталды.

Р. УӘЛИЕВ,

Алғашқы күн

Қаладағы № 10 бастауыш мектептің IV класс оқушылары үстіміздегі жылы алғаш рет мемлекеттік емтихан тапсырғалы отыр. Міне, осы себептен де оларға емтихан тапсыру сондай қызғылықты көрінеді. Мектептің әрбір оқушысы мен мұғалімі мемлекет алдында жыл бойғы жұмыстарынан есеп беріп, оған қорытынды жасалатындығын үлкен жауаптылықпен сезінеді.

Үстіне ақ фартук киіп, мойындарына қызыл галстук таққан пионерлер таңертеңгі сағат сегізден бастап ақ мектепке жыйнала бастады. Бәрі де көңілді, жүздері қуаныш сезіміне бөленген. Бұлардың ішінде бірінші кластан бері үзбей «5»-ке оқын келе жатқан оқу отличниктері Әмір Осипов, Люда Островская, Диляра Измайлова, Лариса Вуртышева және басқалары бар.

Алғаш рет емтихан тапсырайын деп тұрғандықтан ба, әлде қуанғандықтан ба

әйтеуір жас жүректер лоблып, бір орында тұрғысы келмей, олай-бұлай жүріп, сағат тоғызды асыға күтуде. Бәрінің ауызында тек бір мақсатты сөз, ол: «емтиханды өте жақсы деген бағалармен тапсыру».

Көптен күткен, көп даярланған емтихан да келіп жетті. Класс іші тып-тыныш. Қарақаттай мәлдір көздер кластың түс-түсінен мұғалімге қарап, қадалып қалты. 20 жылдан артық халық ағарту майданында қызмет еткен, қарт мұғалімі Т. Г. Ильина жолдастың құлаққа жағымды үнмен, асықпай, байыпты түрде айтқан сөйлемдерін класта отырғандар әуелі ойлана тыңдап, жәпнай жазуға кірісті.

Емтиханға төрт төртінші кластың 123 оқушысы қатысты. Орыс тілінен болған жазбаша емтиханның қорытындысында 68 оқушы «4» пен «5»-ке тапсырды.

М. СӘЛМЕНОВ.

РЕДАКЦИЯҒА

Газет, журналдарымызды ала алмай отырмыз

Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхозды хат-хабар тасу ісімен Благовещенко байланыс бөлімшесі қамтылды. Бірақ, Благовещенко байланыс бөлімшесінің бастығы Кашуманов жолдас колхозды ауыл жұртшылығының өскелең тілегіне сай жұмыс істей алмай отыр. Үстіміздегі жылы Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары көптеген газет, журналдарға жазылған еді. Аманкелді, сол газет, журналдар оларға мезгілінде табыс етілмей отыр. Мәселен, колхозшы Ж. Әбдрахманов апрель айынан бастап «Ленин туы» газетінің бірде-бір номерін алмаған. Аудандық байланыс бөлімі біздің бұл тілегімізді орындап, газет, журналдарымыздың мезгілінде табыс етілуін қамтамасыз етсе екен.

А. ИБРАГИМОВ.

С. ӘБДРАХМАНОВ.

Оқу үйі жұмыс істемейді

Вознесенка — Приешім ауданындағы мәдениеті өркендеп келе жатқан колхоз селоларының бірі. Мұнда жетіжылдық мектеп, емхана және басқа мекемелер бар. Жұмыс уақыты біткен соң сел еңбекшілері оқу үйіне барып, мәдениеті түрде дем алғысы келеді.

Аманкелді, оқу үйі көбінесе жабық тұрады. Клуб үйінің дұрыс жұмыс істеуі туралы талай жыйналыстарда айтылып, талай қаулылар алынды. Бірақ, олар тек қағаз жүзінде қалумен келеді. Колхоз басшылары клуб үйі, керекті материалдармен қамтамасыз етіп, оның сел еңбекшілері үшін дұрыс жұмыс істеуіне көңіл бөлмей отыр.

С. САҒЫНДЫҚОВ.

Футбол

2:1 ЕСЕВІМЕН

Қалалық физкультура және спорт комитетінің ұйымдастыруы бойынша 16 майдан бастап кубок алу үшін футбол ойыны басталды. Жарысқа «Пищевик», «Динамо», «Молот», «Локомотив», «Электрик», «Энергия», «Звезда» ерікті спорт қоғамдарының командалары қатысты.

16 майда «Динамо» стадионында қаладағы ең күшті «Молот» және «Пищевик» командаларының кездесуі болды. Бұл командалардың екеуінде де әсіресе жас футболшылар шеберлікпен ойнап,

Бейбітшілік Шарты үшін!

ПЕКИН, 19 май. (СОТА). Рангуннан алынған хабарға сәйкес, Синьхуа агенттігі бес ұлы мемлекет арасында Бейбітшілік Шартына қол қою туралы талапты қолдауға Бирма үкіметін шақырған. Бирманың барлық аудандарында жаппай митингілер өтуде екендігін хабарлайды. Мұндай митингілер көзірдің

өзінде ақ Рангун, Мандалай, Моулмейн және Бирманың басқа да 22 қаласында болған.

13 майда бейбітшілікті қорғаудың Бирман комитеті премьер-министр У. Нуға хат жолдап, онда бейбітшілікті қорғаудың халықтар Конгресі үндеуін үкіметтің қолдауын өтінген.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 20 май (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі 20 майда былай деп хабарлады:

Өткен күні Халық армиясының құрамалары және қытай халық еріктілерінің бөлімдері барлық майдандарда дұшпанға қарсы болмашы ұрыстар жүргізді.

Кеше түнде американ авиациясы ешқандай соғыс орны жоқ Солтүстік Пхе-

нан провинциясының және Енчон уезінің селолық аудандарына тағы да шабуыл жасап, оларға бір мыңнан аса бомбалар тастады. Бомбалаудың нәтижесінде көптеген бейбіт адамдар қазаға ұшырады және жараланды, көптеген тұрғын үйлер қыйратылды.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның 2 самолетін атып түсірді.

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер

ПЕКИН, 19 май. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздер жүргізуші корей-қытай делегациясының мазмұндамасын берді. Мазмұндамада былай делінген:

19 майда екінші жақ делегациясының басшысы өзінің аға байланыс офицері арқылы толық құрамдағы делегациялардың кездесуін тағы да бес күнге қалдыра тұруға және мәжілісті 25 майда таңертеңгі сағат 11-де қайтадан бас-

тауға өтініш білдірді. Корея-қытай жағының аға байланыс офицері, корей-қытай делегациясының басшысы генерал Нам Ирдің нұсқауы бойынша, толық құрамдағы делегациялардың мәжілісі көзір үш күнге қалдырылды және корей-қытай жағының пікірі бойынша, келіссөздер созыла бермеске тиіс екендігіне назар аударды. Ол екінші жақ келіссөздерді тағы да бес күнге созуды сұрағандықтан, корей-қытай жағы бұған келісетіндігін мәлімдеді.

Грецияда бағаның қымбаттауы

АФИНЫ, 19 май. (СОТА). «Элефтерия» газеті парламенттің мәжілісінде кейбір депутаттар үстіміздегі жылдың апрелінде үкімет жүргізген драхма құнының құлдырауын сынаған. Атап айтқанда, Папандреу өзінің сөзінде 3 апрельден 10 майға дейінгі уақыттың ішінде азық-түліктің және көпшілік қолданатын товарлар бағасының, әсіресе, олив майының бағасы 25 процент,

күріш-62 процент, мақта-50 процент, сабын-20 процент, ағаш материалдары-25 процент, керосин-52 процент қымбаттағандығын мәлімдеген.

Жалпы баға тұтас алғанда 30 процент көтерілген.

Бағаның қымбаттауы туралы мәліметтер Афинадағы американ миссиясының бюллетенінде жарияланған.

Францияда ереуіл қозғалысы

ПАРИЖ, 19 май. (СОТА). Кәсіподақтар ұйымдарының қарары бойынша, бүгін Парижде қалалық транспорт қызметкерлерінің 24 сағаттық ереуілі басталған.

Сағат бойынша төленетін жалақыны арттыруды талап еткен Клетер-Коломбыдағы автомобиль шиндерін жасайтын заводтың 2500 жұмысшыларының ереуі-

лі ұйымдасқан түрде өтуде.

«Юманите» газетінің хабарына қарағанда, 15 күнге созылған сауда флоты теңізшілерінің ереуілі аяқталды. Ереуіл жасаушылар өздерінің талаптарын толық және жартылай қанағаттандыруға, сол сияқты, ереуіл жасауға олардың правосын мойындатуға жетісті.



Ольга Свистунова, Дәметкен Төкеева сыяқты таңдаулы оқушылар бар.

Мүғалима Р. Шалимова жолдас оқытқан 4-«В» класының емтиханға жіберілген 27 оқушысынан 10 оқушы—беске. 17 оқушы төртке жазды. Беске жазған оқушылардың ішінде П. Глошкин, М. Голик, Р. Нурғалиев, Ф. Хабибуллина, Л. Кудряшова сыяқты оқушылар бар.

Емтиханды ойдағыдай аяқтау үшін мектептің оқытушылар коллективі уақытпен есентпей, көп еңбек істейтін болады.

К. В. МАГДАЛИНА,

№ 4 бастауыш мектептің мүғалимасы.



Қаладағы № 10 бастауыш мектептің төртінші класындағы емтихан көрінісі. СҮРЕТТЕ: бірінші қатарда отырғандар: оқу отличниктері (оңнан солға қарай) Аня Шихман, Әмір Османов, Люда Островская, Тамара Шехтер және Дилара Измайлова.

Емтиханды ұйымшылдықпен өткізейік

Еліміздің барлық мектептерінде жазғы емтихан басталды. Облысымыздың 45 мыңнан астам оқушылары кластан класқа көшіріп, мектеп бітіру және көмелеттік аттестат алу емтихандарын тапсырады. Мектептердегі емтихан оқушының біліміне, әрбір мүғалімнің мектептер мен халық ағарту бөлімдерінің жұмысына сын болып табылады. Емтиханды өткізу арқылы жыл бойғы оқу-тәрбие жұмысына қорытынды жасалады.

Емтиханға әзірлік күндерінде облыс мектептерінде бірқатар нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Барлық мектептер өткен материалдарды пысықтап, шолу лекцияларын ұйымдастырды. Оқу программасы бойынша лабораториялық жұмыстар жүргізіліп, оқушылар өндіріс негіздерімен танысты.

Пысықтау кезінде оқушылардың түсінбей жүрген кейбір тақырыптарды толық меңгеруіне жете көңіл бөлініп, оқу процесінде кездескен кемшіліктерді жою шаралары көзделді. Мектептердің ендігі басты міндеті—емтиханды ССРО Министрлер Советі және Қазақ ССР Оқу Министрлігі бекіткен ережелер мен нұсқауларға сәйкес жүргізу. Емтихан кезінде оқушының жыл бойғы алған білімін мұқият сынап, дұрыс бағалап, олардың өздерінің білгенін саспай, байыпты түрде айтып беруі үшін толық жағдай тудыру қажет. Әресе басқа мектептерден келіп емтихан тапсыратын оқушыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Емтиханның ойдағыдай өтуі мен оқушылардың білімін дұрыс бағалау емтихан комиссиясының жұмысына байланысты. Сондықтан емтихан комиссиялары мен ассистенттер өздеріне тапсырылған жұмысқа зор жауапкершілікпен қарап, оқушылардың білімін терең және әржақты сынап, оған біліміне сәйкес дұрыс баға қою керек.

Алайда, облысымыздың жекелеген мектептері өткен жылды емтихан ережелерін бұрмалап, кейбір ассистенттер мен емтихан комиссиясының мүшелері оқушылар-

дың білімін бағалауда ымырашылдыққа салынды, емтихан тапсырушы оқушылардың жауаптарына немқұрайды қарады. Мәселен, Петропавл ауданындағы Ново-Каменка жетіжылдық мектебінде математикадан құпия емтихан жұмыстары күні бұрын жарияланып қойылған. Сол сыяқты, жекелеген кейбір орта мектептерде 10-классты бітіретін оқушылардан алтын және күміс медальға кандидатуралар ұсынғанда олардың білімін асыра бағалаушылық кездесті.

Емтихан тапсыру күндерінде мектеп басшылары мен класс жетекшілері оқушылардан уақытты дұрыс пайдалануды талап етіп, қосымша сабақтар мен кластан тыс істелетін жұмыстардың шамадан тыс көп беріліп кетпеуін қадағалап, бақылап отыруы керек. Емтиханға дайындалу және демалыс сағаттарын дұрыс пайдалану мақсатымен оларды ауыстырып отыру қажет. Бұл жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде комсомол және пионер ұйымдары оқытушылар коллективіне үнемі көмектесіп отыруы тиіс.

Уақытты дұрыс пайдаланып, оқушылардың дұрыс демалуын ойдағыдай ұйымдастыруда туысқандар мен туысқандар комитетінің ролі ерекше зор. Туысқандар үйде балалардың тыңғылықты дем алып, олардың емтиханға әзірленуіне керекті барлық жағдайларды тудыруға міндетті.

Облыстық, қалалық, аудандық оқу бөлімдерінің қызметкерлері емтихан тапсыру күндерінде үлгермейтін оқушылары көп мектептерге жете көңіл бөліп, олардың жұмысын күнібе-күн қадағалап, бақылап отыруы керек. Халық ағарту бөлімдері мүғалімдердің жұмысын емтихан тапсыратын оқушыларға үнемі көмектесіп отыратындай етіп ұйымдастыруы қажет.

Мектепке қамқорлық жасау біздің елді жалпыхалықтық іске айналды. Совет халқы балаларды тәрбиелеп, оларды оқыту жолында күш-жігерін аямайды. Коммунистік партия мен Совет үкметі жас

буындарға күнбе-күн қамқорлық жасап отырады.

Партия, совет және кәсіподақ ұйымдары халық ағарту орындары мен мектептерге бақылауды күшейтіп, олардың жұмысына көмектесу арқылы кластан класқа көшіріп, мектеп бітіру және көмелеттік аттестат емтихандарын ұйымшылдықпен табысты етіп өткізуге көмектесулері қажет.

Жазғы емтихан 1953 жылы 5 августа Алматы қаласында ашылатын республикалық мүғалімдер съезіне дайындық күндерінде өтейін деп отыр. Барлық мүғалімдер мен халық ағарту қызметкерлері мүғалімдер съезін тамаша табыстармен қарсы алып, оған қатысу правосын алу үшін күресуі керек.

Мектептер өткен жылғы емтихан кезінде кездескен кемшіліктерді ескере отырып, жазғы емтиханды ұйымшылдықпен жоғары дәрежеде өткізетін болсын. Халық ағарту орындары оқу жылы бойы және емтихан кездерінде жақсы көрсеткіштерге ие болған мектептер мен мүғалімдердің іс тәжірибелерін таратып отыру арқылы басқа мектептерге көмектесіп отыруы қажет.

Партия, совет және халық ағарту орындарының қызметкерлері емтиханды үлгілі өткізіп, оқу жылын табысты аяқтау елімізде халық ағарту ісін өрістету жөнінде ССРО XIX съезі алға қойған міндеттерді жүзеге асыруда, әржақты білімді, коммунизмнің жас құрылысшыларын тәрбиелеуде жаңа табыстарға жетуді қамтамасыз ететіндігін естен шығармаулары керек. Үкмет пен партияның туысқандық қамқорлығына кластан класқа көшіріп, мектеп бітіру және көмелеттік аттестат емтихандарын ойдағыдай өткізу, 1953—54 оқу жылына үлгілі әзірленумен жауап берейік.

И. МИТРОФАНОВ,

ҚКП облыстық комитетінің мектептер бөлімінің меңгерушісі.

жақсы нәтижелер көрсетті. Алғашқы күнгі футбол жарысы 1:1 есебімен аяқталды.

19 май күні пицевиктіктер мен «Молот» командасының футболшылары осы стадионда қайта ойнады. Ойынның алғашқы жартысында екі команданың да қақпасы жанында қызу шабуылдар жасалды, бірақ, үзіліске дейін есеп ашылмады. Үзілістен кейін «Молот» командасы шабуылды күшейте отырып, пицевиктіктердің қақпасынан бір доп өткізіп, есеп ашты.

«Пицевик» командасы ойынның екінші жартысында есеп ашып, ойын тағы да 1:1 есебімен аяқталды. Тағайындалған уақыт біткеннен кейін футбол ойынының ережесі бойынша бұл командалардың ойнауына қосымша 30 минут уақыт берілді.

Үзілістен кейін «Молот» футболшылары «Пицевик» командасының қақпасына ұйымшылдықпен шабуыл жасады. Бұл кезде Байболов жолдастың шабуылы көзге ерекше түсті. Қорғанушы команданың қақпашысы допты қақпаға өткізбеу үшін қаншама әрекет жасаса да «Молот» командасының сол жақтан шабуыл жасаушысы Свиридов жолдас допты «Пицевик» қақпасынан өткізді. Сонымен ойын 2:1 болып, «Молот» командасының жеңісімен аяқталды.

П. МАРКОВ.

Француз шаруаларының наразылығы

ПАРИЖ, 19 май. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, кеше Бордо қаласында полицейліктердің үлкен күштерінің және «хауісіздіктің республикашыл отрядтары» деп аталатын күзетшілердің топтанысуына қарамастан, елдің оңтүстік-батыс департа-

менттерінен келген 10 мың шаруалардың демонстрациясы болды. Демонстрацияға қатысушылар ұсақ және орта шаруалардың материалдық тұрмысының құлдырап кетуіне қарсы наразылық білдірісті.

ИРАННАН АМЕРИКАН ТІЛШІСІНІҢ ЖӨНЕЛТІЛУІ

ТЕГЕРАН, 19 май. (СОТА). Иранның сыртқы істер министрі Фатими 19 майда баспасөз конференциясында, Ассошиэтед Пресс агенттігінің өкілі «шахқа және шахтың мемлекеттік мүдделеріне

зиянды және арандатушылық ниетпен үнемі жалған мәліметтерді беріп отырудыңтан» Иран үкметі америка тілшісіне үш күн мерзімнің ішінде Ираннан кетуді ұсынғанын айтты.

ИОСИДАНЫҢ ЖАПОНИЯНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ БОЛЫП САЙЛАНУЫ

ТОКИО, 19 май. (СОТА). Киодо Цусим агенттігінің хабарына қарағанда, жапон парламентінің төменгі палатасы бүгін дауыс берудің соңғы кезегінде Сигеру Иосиданы премьер-министр етіп сайлаған. Ол 204 дауыс, ал, «прогрессшіл партияның» басшысы Сигемицу 116 дауыс алған. Дауыс беруге 397 депутат қатысқан. 77 бюллетень жарамсыз деп танылған.

БРАЗИЛИЯДА АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ҚЫМБАТТАУЫ

МОНТЕВИДЕО, 18 май. (СОТА). Өткен жылмен салыстырғанда Бразилияда азық-түлік бағалары күрт қымбаттап кетті. «Импrensa популар» газетінің хабарына қарағанда, 1953 жылдың январынан апреліне дейін бір килограмм күріштің бағасы 7 крузейродан 17 крузейроға, картоптың бағасы—4,5 нан 6,5 крузейроға, тұздайып кептірілген ет 23-тен 27 крузейроға, тұздалған қаймақ майы 34-тен 40 крузейроға дейін көтерілген.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Сақтық кассалары



☆
Мынадай жыйнақ ақшалар қабылдайды:

Сұраған кезінде алынатын, мерзімді, ұтысты, шартты жыйнақтар және ағымдағы есеп бойынша;

Жыйнақ ақшаларды иелерінің талап етуі бойынша қалаған уақытында қайтарып отырады;

Жыйнақ ақшаларды иелерінің тапсыруымен бір кассадан екінші кассаға ауыстырып отырады;

Аккредитивтер береді және төлейді.

☆

АҚШАЛАРЫҢИЗДЫ САҚТЫҚ КАССАЛАРЫНА САЛЫҢИЗДАР!

☆
Сақтық кассаларына салынған жыйнақ ақшалар бойынша жыйнақ салушыларға процент және ұтыс ретінде табыс төлейді.

Мемлекеттік сақтық кассасына салынған жыйнақ ақшаның аман сақталуына кепілдік жасалынады.

Жыйнақ ақшаны салушылар, олардың есептеріндегі ақшаларының сомасы мен ауысу жағдайларын сақтық кассалары ешкімге жария етпейді.

☆